

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Хромтау ауданының
білім бөлімі» ММ
«№6 Хромтау гимназиясы»
КММ



Республика Казахстан
Актюбинская область
КГУ «Хромтауская
гимназия №6»
ГУ «Отдел образования
Хромтауского района
Управления образования
Актюбинской области»

031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы., Әуезов көшесі 126.,
Факс: 8 (71336) 66-2-84., Тел: 8 (71336) 66-2-86
E-mail: gimnaziya6@edu.kz

БҰЙРЫҚ №67/4 - н/к

2022 жылғы 23 тамыз
Хромтау қаласы

Комиссия құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысы негізінде жекелеген санаттағы, қамқоршылықтағы, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларының құжаттарын тексеру, қайта қарау комиссиясын құру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылына атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары және жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балалар, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар және өзге де санаттағы білім алушылардың қаржылай және материалдық көмек алуға тапсырған құжаттарын тексеру, қайта қарау комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін.

1. Комиссия төрағасы - Г.О.Мукашева - гимназия директоры.

Комиссия мүшелері:

2. Жаржанова Ж.К – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Жасағанбергенова Б.И – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Максимова Г.Т. – әлеуметтік педагог
5. Абдуллина С.З – кәсіподақ ұйымның төрағасы
6. Сатмуханбетова Р – бас есепші
7. Алимжанова Амина - ата – ана комитетінің төрағасы

2. Білім алушылардың құжаттарын тексеруде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» (өзгерісі 30.12.2020 № 949) басшылыққа алынсын.

3. Комиссия отырысының қорытынды шешімі шығарылып, хаттамасы директор жанындағы кеңес отырысына ұсынылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды гимназия директоры өзіме қалдырамын.

Гимназия директоры



Мукашева Г.О.